

Комплаенс

Компанияда комплаенс қызметі құрылды. Бөлімшенің негізгі міндеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, этиканы сақтау және Компанияның ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша міндетті реттеушілік талаптар мен халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

Компанияда мынадай ішкі құжаттар енгізілді*:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;
- Болжалды этикалық емес/заңсыз әрекеттер туралы хабарлау саясаты;
- Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты;
- Іскерлік этика кодексі;
- Корпоративтік басқару кодексі.

Өткен жылы комплаенс-мәдениетті арттыру мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа, мүдделер қақтығысына және т.б. қарсы іс-қимыл бойынша Компанияның регламенттерін білуге арналған «Мінез-құлық этикасы» 5 оқыту турнирлері өткізілді, онда **1 200-ден астам қызметкер** жарыс режимінде арнайы әзірленген онлайн-ойын (геймификация) түрінде ішкі құжаттарды зерделеп, кейіннен тестілеп, жеңімпаздарды анықтады.

Компанияның барлық қызметкерлеріне шағымдар мен өтініштерді қарау нәтижелерін және ішкі құжаттар талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлерге қабылданған шараларды көрсете отырып, комплаенс қызметінің жұмысы туралы ақпараттық тарату тұрақты негізде жүзеге асырылады.

2021 жылы сыбайлас жемқорлық оқиғалары **тіркелген жоқ**.

Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету келесі негізгі қағидаттарға негізделеді:

- Компания қызметінің заңдылығы;
- Компания қызметінің жариялылығы мен ашықтығы;
- қызметкерлер, серіктестер және клиенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат жүргізу;
- мемлекеттік органдармен, сондай-ақ Компанияның серіктестері мен клиенттерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы ынтымақтастық;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және Компанияның ішкі саясатын бұзу фактілері бойынша қызметтік тексерулерді міндетті түрде жүргізу.

2021 жылы Директорлар кеңесі сатып алу қызметі және персоналды басқару бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша жасалған есепті бекітті.

Әдепсіз немесе заңсыз мінез-құлық фактілері туралы хабарлау тетіктері Болжамды әдепсіз/заңсыз іс-әрекеттер туралы хабарлау саясатымен реттеледі, оған сәйкес Компания Компаниядағы елеулі проблемалар туралы хабарлаған қызметкерлердің, іскер серіктестердің және басқа да мүдделі тұлғалардың толық құпиялылығына, сондай-ақ қудалаудың және/немесе кемсітушіліктің болмауына кепілдік береді.

Компанияның ішкі және корпоративтік сайттарында «жедел желі» және Комплаенс қызметінің байланыс деректері орналастырылған, олар бойынша кез келген еңбек, сыбайлас жемқорлық және өзге құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлауға болады.

2021 жылы келесі тақырыптарға 130 өтініш қаралды:

- шарттық міндеттемелерді орындамау;
- әділетсіз жалақы;
- тең емес жалдау және еңбек шарттары;
- рәсімдердің бұзылуы, теріс пайдалану;
- сатып алу саласындағы бұзушылықтар.

* Комплаенс саясаткерлермен Компанияның telecom.kz. Интернет-ресурсының «Комплаенс» бөлімінде танысуға болады.